


№1 педагогикалық кеңестің
шешімінде қабылданды
(2021 жылғы 31 тамыз №1 хаттама)



«БЕКІТЕМІН»

Актіін » бөбекжай балабақшасы»

Менгеруші  К.Н.Абилядаева

Кіші «Балапан» тобында перспективалық жоспар құруға арналған өтпелі тақырыптар

2021-2022 оқу жылы

№	Тақырыптар	Мақсаты
1	Балабақша	Балабақша балаларда әлеуметтік дағдыларды, мектепке дейінгі ұйымға, топқа балалар мен ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға бірлескен әрекетке қызығушылықты дамыту.
2	Менің отбасым	Отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі, отбасы мүшелерінің әрекеттері туралы отбасындағы жағымды өзара қарым қатынасқа тәрбиелеу, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейту.
3	Күз сыйы	Күз мезгілі, ауа райы, күз сыйы гүлдер, жапырақтар, көкөніс пен жемістер туралы қарапайым түсінік беру. Ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылату. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдау.
4	Қызықты қыс мезгілі	Қыстағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен, қыстың қызықты мерекелерімен және ермектерімен таныстыру.
5	Жануарлардың қысқы тіршілігі	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Балаларда жанашырлық сезімін, көмек көрсету ниетін тәрбиелеу, жануарлардың, құстардың қыстауы, көптеген жабайы аңдардың ұйқыға жататыны, орманды мекендейтіндер суықтан қарда қорғанатыны туралы білім алу.
6	Қазақстанның қыстайтын құстары	Балалардың табиғат пен оны мекендеушілерге танымдық қызығушылығын, жылы жаққа ұшпай, туған өлкесінде жыл бойы қалатын, қыстайтын құстар туралы, олардың қыста азық табу қиындығы, оларға қиын кезде көмек көрсету қажеттігі туралы танымын қалыптастыру.
7	Бізді қоршаған әлем	Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие балалардың тұлғасын дамыту.
8	Алғашқы тамшылар	Көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстары мен көктемдегі өсімдіктер, көкөністер, көктемде аулаға ұшып келетін жыл құстары мен және тағы басқамен таныстыру.
9	Тірі және өлі табиғат	Тірі және өлі табиғатпен, табиғат құбылыстарымен таныстыру, табиғатпен өзара әрекет ету, оларға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру.